

"Дархан" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 25 қараша N 1181. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.20. N 758 қаулысымен.

Аса маңызды азық-түлік түрлері беріліп тұруын мемлекеттік реттеуді сақтау және олармен халықтың тиісінше жабдықталуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Акционерлік қоғам болып қайта құрылатын көтерме сауда кәсіпорындарының және бұрын Қазақстан Республикасы Сауда министрлігінің "Қазбакалейпродпромторг" республикалық концернінің құрамына кірген акционерлік қоғамдардың негізінде N 1 және 2 қосымшаларға сәйкес "Дархан" мемлекеттік акционерлік компаниясы құрылсын.

Көтерме сауда кәсіпорындары қайта құрылғанға дейін олардың сегментациясы жүргізіледі, бұлардың жанындағы дүкендер бөлінеді, заңды ұйым мәртебесін алады және алдағы уақытта шағын жекешелендіру шегінде қайта құрылады.

2. "Дархан" мемлекеттік акционерлік компаниясы "Қазбакалейпродпромторг" республикалық концернінің мүліктік құқықтары мен міндеттерінің құқылы мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

3. "Дархан" мемлекеттік акционерлік компаниясының негізгі міндеттері: халықты қамтамасыз ету үшін белгіленген номенклатурадағы тауарларды қалыптастыру, сақтау және беріп тұру;

өзінің номенклатурасына кіретін өнімдерді әкелу мен әкету жөніндегі мемлекетаралық келісімдерді орындау;

тұтынушылардың қамтамасыз етілуін жақсарту үшін аймақтар арасында азық-түлік ресурстарының ауыс-күйісін жасау;

"Дархан" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына кіретін акционерлік қоғамдардың қызметін үйлестіру және реттеу;

компанияның коммерциялық қызметі мен оның кәсіпорындарының жарналары есебінен материалдық базаны дамыту мен жаңғырту, нысаналы қаржы қорларын қалыптастыру деп анықталсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Дархан" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру жөніндегі құрылтай

құжаттарын бір айлық мерзімде белгіленген тәртіп бойынша әзірлеп, бекітсін;
облыстық көтерме сауда кәсіпорындарының мемлекеттік мүлкін, сондай-ақ бұрын құрылып, "Дархан" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына енгізілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын "Дархан" мемлекеттік акционерлік компаниясына табыстайтын болсын;

"Дархан" мемлекеттік акционерлік компаниясымен бірлесіп көтерме сауда базаларының уақтылы акционерлендірілуін және осы компанияға акционерлік қоғамдар акцияларының пакеттері өткізілуін қамтамасыз етіп, аталған акционерлік қоғамдардың жекешелендірілуіне қарай акциялар пакетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік

жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіппен сатады деп белгілесін.

5. "Дархан" мемлекеттік акционерлік компаниясының басқармасы Алматы қаласында орналасады деп белгіленген.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 25 қарашадағы
N 1181 қаулысына
N 1 қосымша

Акционерлік қоғамдар болып қайта құрылатын
және "Дархан" мемлекеттік акционерлік компаниясының
құрамына енгізілетін көтерме сауда кәсіпорындарының

Тізбесі

- "Қазбакалейсауда" базасы, Ақмола қаласы
- "Қазбакалейсауда" базасы, Ақтөбе қаласы
- "Қазбакалейсауда" базасы, Ақтау қаласы
- "Қазбакалейсауда" базасы, Арқалық қаласы
- "Қазбакалейсауда" базасы, Жамбыл қаласы
- "Қазбакалейсауда" базасы, Қарағанды қаласы
- "Қазбакалейсауда" базасы, Қызылорда қаласы
- "Қазбакалейсауда" базасы, Көкшетау қаласы
- "Қазбакалейсауда" базасы, Қостанай қаласы

"Қазбакалейсауда" базасы, Петропавл қаласы
"Қазбакалейсауда" базасы, Талдықорған қаласы
"Қазбакалейсауда" базасы, Орал қаласы
"Қазбакалейсауда" базасы, Шымкент қаласы

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 25 қарашадағы
N 1181 қаулысына
N 2 қосымша

"Дархан" мемлекеттік акционерлік
компаниясының құрамына кіретін
акционерлік қоғамдардың
Тізбесі

"Албақ" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
"Жемісбакалейсауда" акционерлік қоғамы, Атырау қаласы
"Бакалейсауда" акционерлік қоғамы, Жезқазған қаласы
"Бакалейсауда" акционерлік қоғамы, Павлодар қаласы
"Шығысбакалейсауда" акционерлік қоғамы, Өскемен қаласы

